

Р. Байымбетова,

ф.г.к.А. Яссауи атындағы ХҚТУ-нің оқытушысы. Түркістан қ.

КӨНЕ ТҮРКІЛЕРДІҢ МИФОЛОГИЯЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ҰМАЙ ЖӘНЕ ҚҰТ ҰҒЫМДАРЫНЫҢ ТІЛДЕГІ КӨРІНІСІ

Орхон ескерткіштері тілі деректері Ұмай культінің VIII-IX ғасыр түркілері танымында ерекше орын алған қасиетті ұғымдардың бірі екенін көрсетеді. Адамзаттың өсіп-өнуінің пірі, отбасының қорғаушысы саналған Ұмай ұрпақты аман-есен дүниеге келтіреді, сәбиді ауру-сырқаудан, көз, тіл тиюден қорғайды деп сенген көне түркілер Ұмайды қасиетті Әйел-Ана ретінде таниды. Түркілердің мифологиялық дүниетанымының басты ұғымдарының бірі Ұмайды грек аңыздарындағы Афродитамен, авесталық Ардвисура Анахитамен байланыстырушы көзқарастар бар [1: 230 б.].

М.Орынбеков “Түрік пен монғол халықтарының салыстырмалы мифологиясында, әфсаналарда Ұмайға монғолдың Этуген құдайы сәйкес келеді, себебі ол да ежелгі түріктің қасиетті “Отыкен қарашылығынан” шыққан. Ұмайды ежелгі үнді құдайы Умамен салыстырады, ол да Ұмай сияқты міндеттер атқарған. Ұмай деген сөздің өзі «бала орны», «ана іші» және сондай ұғымдарға сәйкес келеді» [2: 152 б.] дей отырып, Ұмайдың міндеті ең алдымен адам баласының тууын қамтамасыз ету, оларды дүниеге аман-есен келтіру екенін айтады. Таулы Алтай өңірі Кудыргэ қорғаны маңынан табылған үш мүйіз тәрізді бас киімі бар әйел бейнесіндегі балбал тасты зерттеу барысында тарихшы-археологтар балбал таста өсіп-өнудің киесі, бала мен жауынгерлердің қорғаушысы қасиетті Умай бейнеленуі мүмкін деген қорытындыға келген. Алтайлықтар мен телеуіттер арасында *Үч Мүстү Бай Оны* (үш мүйізді қасиетті ана) жайлы аңыз кеңінен тараған. Бұл аңыз Умай-Ананы аңшыларды желеп-жебеуші киесі ретінде танудан туған болса керек. Ал балбал тастағы әйел бейнесінің басына үш мүйіз тәріздес үш айрық бас киім кигізілуі сол өңірдегі *Үч сүрү* «трехрогая Белуха» атты таумен байланыстырылады. Ол тауды шаман дініндегі түркілердің қасиетті санауы, халық арасында *Үч сүрү* тауының иесі Ымай/Умай түсінігінің қалыптасуы этнограф ғалымдарды Ымай мен *Үч Мүстү Бай Оны* бір образ, ол таудың иесі, сол тауды мекендейтін аң-күстардың киесі, көне түсінік-таным

бойынша балбалтастағы Ұмайдың бас киімінде үш шыңнан тұратын таудың символикалық бейнесі кескінделген деген тұжырымға әкеліп отыр [3: 231,232 бб.]. С.Қондыбай кейбір зерттеушілер Умай образын иран мифологиясындағы көлеңкесін түсіру арқылы адамға бақыт әкелетін Хумай/Құмай деген құспен байланыстыратынын айта отырып, өз пікірін білдіреді: “Скорее всего, наоборот, генетический образ птицы Кумай восходит к образу древнетюркской богини Умай – прародительницы всего живого, олицетворению плодоносящего начала в мире. В древнетюркском языке слово умай означало также послед роженицы, а, согласно казахским поверьям, послед (плацента, казахск. *жатыр, жолдас, перде*) считался двойником новорожденного, его близнецом. В этом соответствии отражены представления о двойственности природы Ие-Ма” [2: 131 б.]. Көне түркілер дүниетанымындағы Ұмай анаға деген үлкен құрмет «Тәңірі мен Ұмай арасындағы жұбайлық сипаттағы қарым-қатынас жайлы аңыз-афсаналар негізінде қалыптасқан» деген көзқарастар да бар [4: 133 б.].

VIII-IX ғасыр түркі жазба ескерткіштері тілінен көне түркілер танымындағы Умай бейнесінің сакральды сипаты айқын көрініс тапқан. Мысалы: *On jaьta Umaj teg ugьm qatyn qutuьa inim Kьl-tigin er at boldy. Altу Jigirmi jaьuьa eьim qaьan ilin tuььsin anьa qazьandy. Altу ьub soьdaq tapa sьledimiz, buьduьmьz. Tabьaь oь-tutuьg biьь tьmen sь kelti. Sььььdimiz* «Он жасында Ұмай тектес шешем қатынның құтына (бағына) інім Күлтегін ер атанды. Он алты жасында Ағам қағанның ел-жұртын сонша меңгерді. Алты баулы соғдаққа қарсы соғыстық, талқандадық. Табғач Оң тұтұқтың елу мың әскері келді. Соғыстық.» (КТҮ) [5: 179 б.] деген сөйлемнен түрілердің ананы, дүниеге ақылды да ержүрек үл әкелген хан әйелдерін түркілер Ұмайға теңегенін, батыр ұлдың өсуіне жағдай жасаушы кие ретінде танығанын аңғарамыз. Ал Тоникук ескерткіші мәтініндегі *Kelmisi alp tedi, tuьmady. Teьri umaj jer sub basa berti erinь. Neke teьerbiz?*

Bkьs tejin neke qorquur biz az tejin, ne basyn-alyt? Tegelim tedim. Tegtimiz jajdymyz. Ekinti kььп kelti. Цртѣ quzyp kelti. ъъsdimiz. Bizinte eki ucy, syharca artuq erti. Teңri jarylqaduq ьсьп ькьs tejin «Келгені – батыр дедім. Түсінбеді. Тәңрі Умай, қасиетті Жер-Су. Жеңіс сыйлай берген екен. Неге қашамыз көп (екен) деп. Неге қорқамыз азбыз деп, Неге басындырамыз, тиіселік, дедім. Тиістік, қудық. Екінші күн (тағы) келді. Өртше қызып келді, Соғыстық. Бізден екі шеті жартылай артық еді Тәңрі жарылқағаны үшін көп деп біз» (Тон, 38,39,40) [6: 111 б.] деген мәнмәтіннен Умайдың жауынгерлердің қорғаушысы, күші өздерінен артық қарсыластарына төтеп беретін қуат беруші, жеңіс силаушы қасиеті көрінеді.

Умай культі Саян-Алтай өңіріндегі ислам дінін қабылдамаған түркі халықтарының дүниетанымында әлі де кеңінен орын алған. Шор халқы сәбидің дүниеге келген кезінен бастап, жүріп сөйлей алатын кезеңіне дейін қорғап жүретін пірі санайды және баланың кіндігі *Пмај* деп аталады. Сібір түркілері нәресте ұйықтап жатып күлсе Ымаймен сөйлесіп жатыр деп, жыласа Ымай уақытша баланы тастап кетіп қалды деп түсінген. Құмандылар арасында Умай нәресте анасының құрсағында жатқан кезден бастап бүкіл өмірінде желеп-жебеп жүреді деген түсінік қалыптасқан [4: 271 б.]. Ислам дінін қабылдағанына он ғасыр болған Орта Азия түркілерінің дүниетанымында да Умай культінің іздері сақталғанын аңыз әңгімелерде, фразеологиялық-паремиологиялық жүйеде сақталған тілдік деректерден, салт-дәстүрге қатысты лексемалардан аңғаруға болады.

Қазіргі түркі халықтары мифологиясынан Умай ұғымының көп қырлылығын, әмбебаптығын байқауға болады. Түркі халықтары дүниетанымында Умай Ананың сәбидің аманесен дүниеге келіп, денсаулығы жақсы болып өсуіне, өнер адамдары ісінінің сәтті шығуына, аңшылардың олжамен оралуына, жауынгерлердің жеңіспен оралуына, отбасының береке-ынтымағына, жалпы адамзаттың өсіп-өркендеуіне септігін тигізетін, адамзат игілігіне жарататын аң-құстардың, үй жануарларының, орман-тоғай, жалпы өсімдік әлемінің, таудың киесі саналған жиынтық культке айналуы алғашқы қауымдық құрылымдағы матриархаттық қоғамнан бастау алып, халық санасында осы күнге дейін сақталып келе жатқан дәстүрдің сарқыншағы, реликтілік бейнесі сы-

найлы [7: 287 б.]. Қазақ халқының дәстүрінде де Умай анаға сыйыну дәстүрінің сақталғаны *Умай ана жар болсын! Умай ана шипа берсін! Умай анаға тапсырдым, Менің қолым емес, Умай ананың қолы* т.б. тәрізді салт-дәстүрге қатысты оралымдардан, *Умайға сиынбай ұлды болмас* деген мақалдан көрінеді

Умай Ана жайлы аңыз-әңгімелер, салт-дәстүрлер түркі халықтарының Умай мифонимінің сокральді мәні нәрестенің дүниеге келуіне дейінгі, ана құрсағында пайда болу кезеңіне, жалпы адамзатты дүниеге әкелетін аналық негізге қатысты екенін айқын көрсетеді. М.Қ. Ескеева Умай мифониміне негіз болған архитүбірді анықтау барысында «Жалпы түркі тілдеріндегі «үлкею», «көбею», «өсу», «үрпақ тарату», «жалғасу» т.б. семаларын сақтаған сөздердің тұлғасында да сәйкестіктердің болуы $*ur/*ьr \approx *u \approx *ьg \approx *um/ьm \approx *ul/*ьl$ моносиллабтарын гомогенді тұлғалар ретінде қарастырып, ортақ ілкі түбірі «үрпақ әкелу, көбею, жалғасу, өсу т.б.» мазмұнын сақтаған *u/ь* тұлғасы екенін ажыратуға мүмкіндік береді» деген қрытындыға келеді [8: 288 б.]. Араб тілінде де “ана, шеше” сөзі “ум” *وم* түрінде айтылуы Умай мифонимінің этимологиясы, семантикалық уәжі жайлы айтылған пікірлердің негізділігін көрсетеді.

Умай мифонимінің мазмұны түркі халқының өзіндік болмысын тануға ықпал етеді. Көне түркілер тілінде кеңінен қолданылып, қазіргі түркілер тілдерінде де сақталып келе жатқан *Умай* лексемасы жалпытүркілік мифологиялық дүниетанымды бейнелейтін мифологиялық концептінің адамзатқа «өмір мен тіршілік», «денсаулық пен салауаттылық», «әдемілік пен әсемдік», «бақыт пен ырыс», «өнер мен білім», «жеңіс пен сәттілік» тәрізді рухани-материалдық құндылықтар сыйлаушы кие, пір мәнін сақтаған тілдік репрезентациясы.

ҮІІ-ІХ ғасыр түркілері дүниетанымдағы қасиетті ұғым *Құт* адамзатқа өмірлік күш-қуат, несібе, ырыс-береке, байлық, абырой-атақ, бедел әкелуші кие. Көне түркі тілі сөздігінде *qut* моносиллабының «счастье», «благо», «удача», «успех», «счастливый удел» мағыналары тіркелген. Көне түркілер танымында *Құт* тек адамның ғана емес жануарлардың, төрт түлік малдың, өсімдіктердің киесі. Л.Потаповтың көзқарасы бойынша түркілер танымында *құт* туралы халықтық түсінік билік басындағы аристократтық топ тарапынан, мем-

лекеттік құрылымды нығайту, өз үстемдіктерін орнықтыру мақсатында қатардағы көшпелілерге үгіт-насихат жүргізу үшін туындауы мүмкін [4: 285 б.]. Көне түркілер дүниетанымында терең орныққан Құт киесін олардың арғы ата-бабаларынан келе жатқан, мифологиялық жад арқылы ұрпақтан-ұрпаққа ауысқан архаикалық түсінік деп танығанымыз дұрыс. Орхон ескерткіштері мәтіндерінде қолданылған *құт* лексемасының мазмұны да Құт ұғымының қолдан жасалған кие емес түркілік этноболмысты танытатын халықпен бірге жасасып келе жатқан лингвомифологиялық бірлік екенін көрсетеді. Мысалы: *Күлтегін ескерткішіндегі Bodunyu igidejin tijin jyrjaru oғuz bodun tara, ilgerь qytaj, tataby bodun tara birigerь tabyač tara eki jigirmi [sьledim], sьњsdim. Anda kisre teңri jarylqaduq ьсьп quitym, ьльgim bar ьсьп ьlteci bodunyu tirigru igit(t)im. Jalaң bodunyu tonluғ qyldym. Сьуaj bodunyu baj qyldym.* «Халықты көтерейін деп терістікте оғыз халқына, ілгері қытан, татабы халықтарына қарсы, берігері табғачқа қарсыұлкен әскермен он екі рет соғыстым. Содан кейін Тәңірі жарылқады, бағым (күтым) бағым бар үшін, үлесім бар үшін, өлмеші халықты тірілте көтердім. Жалаңаш халықты тонды, жарлы халықты бай қылдым» (КТү,28,29) [6: 177 б.] мәнмәтіні бойынша Тәңірі риза болғанда ғана құт адамдармен бірге болатынын, құт бірге болса барлық қиындықты жеңуге болатынын байқасақ, Білгеқаған ескерткішіндегі мына сөйлемдер арқылы *Al[p qayanyңa j]aңyldy. Bze teңri yduq jer sub [ečim qayan quity taplamady erinč.Toғuz oғuz bodun jerin, subyn ydup tabyačyaru bardu. Tabyač [...]bu jerde kelti. Igidejin tijin saq [yndym...] bodun ...*« [бәрін де] жасайды. Алып қаған да жаңылды /кателесті/. Жоғарыда Тәңірі, киелі Жер-су Ағам-қағанның құтын қолдамады. Тоғыз-оғуз халқы жерін - суын тастап табғачқа барды. Табғач[...] бұл жерге келді. [Бір] игілік істейін деп ойладым... халық...» (БК) [7: 193,206 бб.] Тәңірі қолдамаса құттың да көмегі болмайтынын аңғарамыз. Сондай-ақ ескерткіштер тілі деректері бойынша түркілер батыр, ақылды ұлды дүниеге әкелетін аналарға да Құт қонады деген сенімнің де қалыптасқанын көреміз. Мысалы, *On jaьta Umaj teg ьgim qatun qutnңa, inim Kьlтеgin er at boltn* «Он жаста Ұмай тектес шешем қатынның бағына (құтына) інім Күлтегін ер атанды» (КТү, 31) [6: 177 б.]

Қазақ тіліндегі *Құтты қонақ келсе қой егіз табады* тәрізді мақалдардан, *құтты жеріне қондырды, құт қонды, құт дарыды, құты кетті, құты қашты, құтты мекен, құтты болды, құты шайқалды* т.б. тұрақты тіркестерден қазақтар дүниетанымында Құт киесінің терең орныққанын көреміз. «Құтты болсын айту» салты да қазақ дүниетанымы көне түркілердің мифологиялық дүниетанымының белгілерін молынан сақтап, оны әрі қарай жетілдіріп рухани-мәдени құндылыққа айналдырғанының көрнісі.

Көне түркілердің Тәңірлік дүниетанымы аясына кіретін *Ұмай, Құт* ұғымдары халықтың сан ғасырлық тәжірибесі мен таным-түсінігі арқылы қалыптасып, қазіргі түркілерге дейін жеткен лингвомифологиялық бірліктер. Түркі халықтары дүниетанымының архисаналық кезеңінен бастау алатын *Ұмай, Құт* киелері жалпытүркілік сана арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан, белгілі бір дәрежеде халықты адамгершілікке, тазалыққа, әдептілікке тәрбиелеу құралына айналған архаикалық құндылықтар жүйесіне жатады. Тілдік деректер көне түркілердің *Ұмай* мен *Құтты* ешқашан да Тәңірмен теңестірмегенін көрсетеді.

ҮІІ-ІХ ғасырларда жазылған ескерткіштер тілі көне түркілердің діни-мифологиялық дүниетанымын көрсететін Тәңірлік идеясы негізгі төрт бағытты қамтығанын аңғартады. Бірінші – Жалғыз жаратқан *Ие* – Тәңірге тағзым ету; екінші - мәңгі өзгермейтін әлем, Тәңір мекені – Көкті киелі санау; үшінші – тіршіліктің өсіп-өркендеуін қамтамасыз етіп отырған, адам мекені – Жер-суды киелі санау; төртінші ата-баба рухын қаділеу, аруаққа сыйыну.

1. Орынбеков М. Ежелгі қазақтардың дүниетанымы.- Алматы: Ғылым, 1996. -168 б.

2. Кондыбай С. Казахская мифология. –Алматы: Нұрлы әлем, 2005.-272 с.

3. Длужневская Г. В. Еще раз о «Кудыргинском валуне» (к вопросу об иконографии Умай у древних тюрков) // Тюркологический сборник, 1974. –Москва, 1978. –С. 231.

4. Потапов Л. П. Умай – божество древних тюрков // Тюркологический сборник, 1972. –Москва: Наука, 1973. – С. 285.

5. Кляшторный С.Г. Мифологические сюжеты в древнетюркских памятниках // Тюркологический сборник. – Москва: Наука, 1981. С. 131-132.

6. Айдаров Ф. Күлтегін ескерткіші. –Алматы: Ана тілі, 1995. -232 б.

7. Айдаров Ф. Тоникук ескерткішінің (ҮІІ ғасыр) тілі.- Алматы: Қазақстан, 2000. -120 б.

8. Ескеева М.Қ. Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негізі. -Алматы: Арыс, 2007. - 360 б.

Р. Байымбетова
ЯЗЫКОВОЙ ОБРАЗ ПОНЯТИИ УМАЙ И КУТ В ДРЕВНЕТЮРКСКОМ
МИФОЛОГИЧЕСКОМ МИРОВОЗЗРЕНИИ

В этой статье рассматривается языковой образ понятия Умай и Кут в древнетюркском мифологическом мировоззрении

R. Bayimbetova
THE LINGUISTIC REPRESENTATION OF THE CONCEPT UMAI AND KUT IN ANCIENT TURKIC
MYTHOLOGICAL OUTLOOK

This article deals with the linguistic representation of the concept Umai and Kut in ancient Turkic mythological outlook

Б. Елікбаев,

М.О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің доценті, ф.ғ.д.

ЕСІМДІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ-ТҮЛҒАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ
ЖӘНЕ СЫҒАРЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ МАҒЫНАЛЫҚ БАЙЛАНЫС

Қазақ тіл білімінде сөз тіркесі синтаксис-тің дербес саласы болып қарастырылуы ХХ ғасырдың елуінші жылдарынан басталады. Сөз тіркесі синтаксисі мен сөйлем синтаксисі өз алдына жеке-жеке сала болып қарастырыла бастағалы сөз тіркестерінің көптеген мәселелері терең қозғала бастады. Оның өзі кейінгі жылдардың жемісі еді. Содан бері сөз тіркесінің нысандары: сөз тіркесінің байланысу формалары мен тәсілдері, синтаксистік қатынастары мен түрлері, тіркесу қабілеті, олардың әрқайсысының қалыптасу тарихы мамандар тарапынан жан-жақты сөз болды.

Әрине осы кезге дейінгі еңбектерде сөз тіркесі арнайы қарастырылмағанымен, оған қатысты мәселелер жай сөйлемге қатысты мәселелердің ішінде, соның ішінде сөйлем мүшелеріне байланысты сөз болып жүрді. Қазақ тіліне байланысты алғаш зерттеу жүргізген ғалымдардың бірі П.М. Мелиоранскийдің «Краткая грамматика казах-киргизского языка» деген еңбегінде сөз тіркесін арнайы қарастырмағанымен, жай сөйлемдерге байланысты бөлімінде бастауыш пен баяндауыштың қиысуын дұрыс көрсеткен.

Қазақ тіл білімінің негізін салушы ғалым А. Байтұрсынұлының «Тіл – құралы» сөйлем жүйесі мен түрлері атты екі бөлімнен тұрады. Мұның бірінші бөлімінде сөйлем мүшелері мен сөйлем мүшесі болатын сөз таптары, олардың жасалу жолдары мәселелері сөз болса, екінші бөлімінде сөйлемнің құрылым-

дық және айтылу мақсатына қарай түрлері, жай сөйлем мен құрмалас сөйлем мәселелері қарастырылады. Осы еңбекте сөз тіркестері арнайы тақырып болып берілмесе де, ондағы «Басым жақ» деген атаумен берілген мәтіннің мазмұнына зер сала кетуді жөн көрдік: «Бастауыш бір жақты болса, баяндауыш онымен ымыраласады. Бастауыш әр жақты болса, мәселен, бастауыш біреу емес, бірнеше болса жана әрқайсы әр жақты болса, онда баяндауыш басым жағымен ымыраласады» [1, 274 б.]. – дейді. Әрине автор бұл жерде сөз тіркестері, я болмаса, сөз тіркестерінің байланысу формалары жайында сөз қозғамағанымен, жоғарыда келтірілген пікірі қиысу байланысу формасына келетін сияқты.

Қ. Жұбанов еңбектерінде сөздердің байланысу формалары туралы арнайы сөз болмағанымен, сөйлем мүшелеріне қатысты айтылған пікірлерінде «матастырылған», «меңгереді», «жанасады» сөздері кездеседі. Дегенмен бұл сөздердің сөз тіркестеріне, қазіргі қолданыста жүрген байланысу формаларының атауларына қатыстылығын көре алмаймыз. Ғалым сөз тіркесін өз алдына жеке сала етіп бөліп қарастырмағанмен, оның 1936 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің грамматикасы» атты еңбегінде «сөйлем жүйесіне» арналған бөлімінде «сөз қиыны», «жетек сөз бен жетекші сөз» деген тараулар берілген. Мұнда: «Сөйлемде бір сөз болмай, бірнеше сөз болса, бұл сөздер бір-бірімен қиындасып тұруы керек.